



Тіркелген тарифтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 маусымдағы № 645 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 17 желтоқсандағы № 1063 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 17.12.2024 № 1063 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 7-2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер өндіретін электр энергиясын жеткізуге тіркелген тарифтер бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 12 маусымдағы
№ 645 қаулысымен
бекітілген

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер өндіретін электр энергиясын жеткізуге тіркелген тарифтер

Ескерту. Тарифтерге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.03.2015 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.09.2022 № 732 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Р/с №	Электр энергиясын алу үшін пайдаланылатын жаңартылатын энергия көздерінің технологиясы	Тариф мөлшері, теңге/ кВтсағ. (ҚҚС-сыз)
1	Жел энергиясын түрлендіру үшін қуаты 100 МВт "Астана EXPO-2017" жел электр станциясының жобасы үшін тіркелген тарифті қоспағанда, жел электр станциялары	22,68

1-1	Жел энергиясын түрлендіру үшін қуаты 100 МВт "Астана ЕХРО-2017" жел электр станциясы	59,7
2	Қазақстандық кремний (Kaz PV) негізінде күн сәулесінің энергиясын түрлендіру үшін фотоэлектрлік модульдерді пайдаланатын күн электр станцияларының жобалары үшін тіркелген тарифті қоспағанда, күн энергиясын фотоэлектрлік түрлендіргіштер	34,61
3	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 23.09.2022 № 732 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.	
3-1	Гидродинамикалық су энергиясын пайдаланатын гидроэлектр станциялары	41, 23
4	Биогаз қондырғылары	32,23